

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 15 қазандағы № 769 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер таратылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орталығы (Павлодар қаласы)" республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің оқу орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер мен оның ведомстволарының тізбесінде:

"1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі" деген бөлімде:
реттік нөмірлері 14, 16, 17, 18, 22, 24 және 25-жолдар алып тасталсын;

"2. Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті" деген бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 96-жолмен толықтырылсын:

"96. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің оқу орталығы";

2) "Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі №339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

1-бөлімде:

мына:

"

1 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	148779
--	--------

”;

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

1	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	148480
---	--	--------

”;

мына:

”

1.2	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	83624
-----	--	-------

”;

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

1.2	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	83325
-----	--	-------

”;

мына:

”

4)	ІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы	283
----	--	-----

”;

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

4)	ІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы	303
----	--	-----

”;

мына:

”

6)	ІМ Оқу орталығы (Павлодар қаласы)	93
----	-----------------------------------	----

”;

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

6)	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің оқу орталығы	93
----	---	----

”;

реттік нөмірлері 7), 11), 12), 13), 14) және 15) жолдар алып тасталсын.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы таратылатын республикалық мемлекеттік мекемелердің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орталығы (Нұр-Сұлтан қаласы)" республикалық мемлекеттік мекемесі.
2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орталығы (Алматы қаласы)" республикалық мемлекеттік мекемесі.
3. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орталығы (Ақтау қаласы)" республикалық мемлекеттік мекемесі.
4. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орталығы (Қостанай қаласы)" республикалық мемлекеттік мекемесі.
5. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орталығы (Семей қаласы)" республикалық мемлекеттік мекемесі.
6. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орталығы (Теміртау қаласы)" республикалық мемлекеттік мекемесі.